



*Семей қаласының Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті
Ғылыми кітапхана*

**КЕШЕГІ АЛАШ ИДЕЯСЫ –
БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАН**




*Государственный университет
имени Шакарима города Семей
Научная библиотека*

ИДЕИ АЛАШ – ИСТОКИ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА



Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова . - Алматы: “Арыс” баспасы, 2009. - 544 б.



Қазақ халқының ұзын-ырға тарихындағы айтулы, белесті кезеңі – ХХ ғасыр басындағы **Алаш** қайраткерлерінің соңынан ерген жылдары. Ресми түрде “**Алаш**” партиясы мен “**Алашорда**” үкіметі 1917 жылдың соңында құрылғанымен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт көсемдері ғасыр басында-ақ саяси аренаға шықты. Күрескер ұлт зиялылары әсіресе 1913 жылдан бастап Орынборда шығып тұрған “Қазақ” газетінің маңына топтасып, бағыт-бағдарын айқындап, айтулы саяси күшке айналды.

Кеңес өкіметі жылдарында “жабық” тақырыпқа айналған, есімдері мен еңбектері ескерусіз келген **Алаш** арыстары туралы еліміз тәуелсіздік алған соң ғана жан-жақты сөз бола бастады...

Бұл жинақ-кітапқа осы кезге дейінгі **Алаш** зиялылары туралы жарық көрген барша еңбектер сұрыпталып, қорытылып, тиянақталып беріліп отыр.



Төлепберген Б.

Мәңгі жас – Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2008. - 304 б.



“Мәңгі жас – Алаш идеясы” аталатын кітап авторы **Алаш идеясын**, яғни қазақ елінің ұлттық мұрат-мүддесін қорғау жолында өмірге келген қоғамдық құбылыстарға байланысты өз тұжырымдарын оқырман назарына ұсынады. Бұл **Алаш идеясымен** сусындаған туынды ХХ ғасырдың түрлі кезеңдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар арасындағы өзара логикалық байланысты ұтымды баяндауымен бағалы.

Автор **Алаш идеясы** үшін күресті кеңестік билік жағдайында жалғастырған қоғамдық ұйымдар мен жеке азаматтардың қызметін нақты құжаттық материалдар арқылы берген. Сондай-ақ осы кітаптың үлкен бөлігі бүгінгі қазақ жастарының саяси-әлеуметтік жағдайын талдауға арналған.



Жұртбай Т.

***Біртұтас Алаш идеясы. Зерттеулер. – Алматы:
“Орхон” Баспа үйі, 2014. - 368 б.***




Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың “**Біртұтас Алаш идеясы**” атты үш бөлімнен тұратын зерттеулер жинағына “Көне түркі және қазақ әдеби жазба мұралары – тәуелсіз Қазақстан тарихының қайнар бұлағы (б.д.д. X ғ. бастап – б.д. XX ғ. дейін)” атты жоба бойынша жүргізген соңғы он жыл көлеміндегі (2001 – 2013) ғылыми зерттеулері топтастырылып отыр.

Жинақ әдебиетшілер мен тарихшылардың, мәдениеттанушылар мен саясаттанушылардың, ғылыми көпшіліктің, жалпы зиялы оқырман қауымның назарын аударатыны сөзсіз.



Жұртбай Т.

**Ұраным – Алаш! - Алматы: «Ел-шежіре»,
2008. - 472 б.**



Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың “Ұраным – Алаш!..” атты бұл әфсанасы “Алаш” партиясы мен “Алашорда” үкіметінің үстінен 1927– 1932 және 1937-1938 жылдары жүргізілген тергеу ісінің негізінде жазылған. Автор 1988-1991 және 1997 жылдары мемлекеттік қауіпсіздік (қазіргі Ұлттық қауіпсіздік) комитетінің архивіндегі жүзден астам “мемлекеттік аса құпия құжаттармен” танысып шығуға мүмкіндік алған. Автор **Алаш** ардагерлерінің тағдырына қатысты жиырма жылға жуық жинақтаған тарихи құжаттарын тергеу деректерімен жан-жақты салыстыра отырып, тың пайымдаулар ұсынады.



Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н.Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство «Айкан», 1992.- 192 с.



В книге собраны подлинные документы, дающие ясное представление об **алаш-ордынском** движении, его истории, деятельности, программе, тактике и т.п. Они отражают реальные события, происходившие в 1913 – 1920 гг. в Казахстане, и ту роль, которую сыграла **Алаш-Орда** с момента ее организации до фактической ликвидации.

Книга была издана в 1929 г. К новому изданию предисловие написал писатель К.Сарсекеев.



*«Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.:
С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. –
Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. - 480 б.*



*«Қазақ» газеті. 1914 жыл / Құраст.:
С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева.
- Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. - 504 б.*

Қазақ ұлттық баспасөзінің қарлығашы, тұңғыш жалпыхалықтық “Қазақ” газеті Орынбор қаласында А.Байтұрсынұлының басшылығымен 1913-18 жылдары тоқтаусыз жарық көріп тұрды. Алғашқы қазақ оқығандары мен ұлтшыл Алаш зиялылары осы “Қазақ маңына топтасып, қаламдары мен саяси көзқарастарын ұштады, кейін олар үлкен саяси күшке айналып, “Алаш” партиясы мен Алашорда үкіметін құрды.

Бұл жинаққа ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының төл энциклопедиясы іспетті “Қазақ” газетінің 1913, 1914 жылдарғы топтамалары түгелдей араб әліпбиінен қазіргі жазу үлгісіне көшіріліп, толық күйінде жарық көріп отыр. Оларда ұлтымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігі, ішкі және сыртқы саяси жағдайы, экономикалық-әлеуметтік, мәдени, оқу-ағарту, дін мәселелері жан-жақты қамтылған.




*Алаш – таным. Ғылыми мақалалар жинағы.
1-т. – Семей, 2012. - 420 б.*



Алаш – таным сериялық жинағының бірінші кітабына Алаш қозғалысы туралы жазылған еңбектер енгізілген. Жинақ **Нұрсұлтан Назарбаевтың** «Алаш мұрасы және осы заман» атты мақаласымен ашылды. Бұл жинаққа осы салада зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар **Мәмбет Қойгелдінің** «Әлихан Бөкейхан: таласып-тартыспаған кісіге де, халыққа да... Бәйге жоқ», **Рымғали Нұрғалидың** «Алаштың бас шығармасы», **Жабайхан Әбділдиннің** «Алаш азаматтарының ақталуы», **Ерлан Сыдықовтың** «Алаш қаласы және ондағы тарихи орындар», **Ханкелді Әбжановтың** «Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы», **Дина Аманжолованың** «Алаш как этнополитический феномен: опыт истории и историографической рефлексии», **Дихан Қамзабекұлының** «Ағартушылық: Ұлт элитасына көзқарас», **Ербол Тілешовтың** «Алаштың жолы», т.б. мақалалар берілді.



Алаш - таным. Сборник документов. 2-т. – Семей, 2012. – 425 с.




Предлагаемая книга содержит богатый материал архивных источников о Восточном отделении правительства **Алаш Орда**. Подлинные документы раскрывают фундаментальные основы формирования национальной государственности в великой степи.

Книга рассчитана на научных работников и для тех, кто интересуется историей Отечества.



Нурмагамбетова Р.К.
***Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография
проблемы. 1920-1990-е годы XX века. – Алматы, 2003. –
153 с.***




В книге на основе анализа широкого круга исторических и историографических источников представлен процесс накопления и трансформации исторических знаний по проблеме движения **Алаш** и автономии **Алаш-Орды**: особенности изучения проблемы в советской историографии, ее основные этапы, принципы; современное состояние и основные методологические и концептуальные аспекты исследования истории движения демократической интеллигенции Казахстана 1-й четверти XX века.

Книга рассчитана на историков, преподавателей школ и вузов, студентов, всех интересующихся историей Казахстана.




Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: «Алаш», 2005. – Т.2. – 496 б.



Кітапта **Алаш-Орда** үкіметінің мақсаты – Қазақ автономиясын құру жолындағы қиындықтар туралы әңгімелейтін құжаттар мен деректер жарияланған. «Ақтар қозғалысының» өкілдері арасынан одақтастар іздеу, Уақытша сібір үкіметімен, құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетімен, Түркістан (Қоқан) автономиясымен, башқұрт ұлтшылдарымен, Орал әскери үкіметімен әскери-саяси одақ жасау – алашордашыларды қандастарын өлімге қиған азамат соғысына қатысуға итермеледі. Большевизмнің идеологиялық артықшылықтарын бекітіп берген Қызыл Әскер жеңісі оларды Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Төңкеріс комитетімен одақтасуға мәжбүр етті, бұның өзі кеңес үкіметімен одақтасу болатын. Осы аталған мәселелер ұсынылып отырған томның құжаттарында қарастырылған.




Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Қаңтар 1929 ж. – шілде 1938 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Январь 1929 г. – июль 1938 г. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – Т. 3, Кн. 2. – 344 с. 496 б.



3-томның 2-кітабына бөтен көзқарастағылардың, атап айтқанда таптық теорияны мойындамай, ұлттық идеяны көтерушілердің жақтастарының көзін жоюдың түрлі тетігін іске қосқан кеңестік биліктің ынтасын байқататын құжаттар ұсынылған. Жинақта нәтижесінде 1937 – 1938 жж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болуға мәжбүр болған партия және мемлекет қайраткерлерінің алғашқы толқынының билік басынан кетірілу барысын айғақтайтын 1929 – 1932 жж. қазақ зиялыларын тергеу хаттамалары, «биліктің атына» жазылған хаттар, партиялық органдардың қаулылары жариялануда.



*Құл-Мұхаммед М.
Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық
көзқарастарының эволюциясы.- Алматы:
Атамұра, 1998. – 360 б.*



Монографияда Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ өлкесінде отаршыл-құқықтық жүйенің орнығуы және оған қарсы **Алаш** қайраткерлерінің саяси күресі олардың қазақ елінің мемлекеттік құрылысы жөніндегі саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы негізінде зерделенген.

Кітапта **Алашорда** үкіметінің мүшесі, қазақтың аса көрнекті заңгер-ғалымы Ж.Ақбаевтың өмірі мен саяси күресі арқылы оның серіктері болған **Алаш** жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов т.б. қазақтың азаттық жолындағы арыстарының қоғамдық-саяси қызметі сараланып, **Алаш** бағдарламасының құқықтық негізі талданады.



*Восточное отделение Правительства Алашорды.
Сборник документов. / Сост. Е.Б.Сыдыков,
Г.Т.Касымова, Т.К.Шанбай, М.К.Каримов и др.-
Семей, 2010. – 425 с.*



Предлагаемая книга содержит богатый материал архивных источников о Восточном отделении правительства **Алаш Орда**. Подлинные документы раскрывают фундаментальные основы формирования национальной государственности в великой степи.

Книга рассчитана на научных работников и для тех, кто интересуется историей Отечества.



*Алаштану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-т.
/ Құраст. Т.Шаңбай. - Семей: «Таным», 2010 – 420 б.*




Алаштану мәселелері сериялық жинағының бірінші кітабына Алаш қозғалысы туралы жазылған еңбектер енгізілген. Жинақ **Нұрсұлтан Назарбаевтың** «Алаш мұрасы және осы заман» атты мақаласымен ашылды. Бұл жинаққа осы салада зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар **Мәмбет Қойгелдінің** «Әлихан Бөкейхан: таласып-тартыспаған кісіге де, халыққа да... Бәйге жоқ», **Рымғали Нұрғалидың** «Алаштың бас шығармасы», **Жабайхан Әбділдиннің** «Алаш азаматтарының ақталуы», **Ерлан Сыдықовтың** «Алаш қаласы және ондағы тарихи орындар», **Ханкелді Әбжановтың** «Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы», **Дина Аманжолованың** «Алаш как этнополитический феномен: опыт истории и историографической рефлексии», **Дихан Қамзабекұлының** «Ағартушылық: Ұлт элитасына көзқарас», **Ербол Тілешовтың** «Алаштың жолы», т.б. мақалалар берілді.



Сыдыков Е.

*Алаш қаласының тарихы. Зерттеу. - Семей,
2010. – 214 б.*




Кітапта **Алаш** қаласының тарихы **Алашорда** үкіметіне қатысты тың деректер, нақты мұрағат материалдары негізінде жазылған. Сондай-ақ, Семей облыстық қазақ комитеті, облыстық және уездік Земство басқармалары, **Алашорда** кеңселері, **Алашорда** соты мен әскері (милиция) штаттары, «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы редакциялары, «**Алашорда**» баспаханасы сияқты, т.б. мекемелер орналасқан ғимараттар тарихы алғаш рет жан-жақты айтылады.

Кітап тарихшыларға, аспиранттар мен магистранттарға, студенттерге, жалпы Отан тарихына қызығушы қауымға арналған.



*Город Алаш. Сборник документов / Сост.
Е.Сыдыков, В.Капляк. - Семей, 2010. – 366 с.*



В книге собраны документы, раскрывающие историю возникновения на территории современного города Семей – города **Алаш**, название которого тесно связано с движением **Алашорда**.


Сборник состоит из двух частей “Документы до 1917 г.” и “Документы 1917 – 1927 гг.”.

Книга полезна историкам, магистрантам и преподавателям вузов, а также всем тем, кто интересуется историей родного Отечества.



Сыдыков Е.

Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. – 184 б., 8 б. сурет. – «Шәкәрім әлемі» сериясы.




Бұл кітапта автордың әр жылдары республикалық басылымдарда жарық көрген, сондай-ақ әзір еш жерде жариялана қоймаған **Алаш** ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбындағы ғылыми-зерттеу мақалалары енгізілген. Шәкәрім және **Алашорда** тақырыбы еңбектің негізгі арқауы, сонымен қатар, мұнда **Алашорда** үкіметінің басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың Семейдегі қоғамдық-саяси қызметтері жан-жақты әңгіме болады.

Еңбекте халқымыздың біртуар перзенттері Халел Ғаббасов, Турағұл Абайұлы, Бидахмет Сәрсеновтер туралы да мол мағлұмат берілген. Ал, соңғы бөлімінде 1937 – 1938 жылдардағы сталиндік саяси қуғын-сүргін зардаптары архивтік деректерге сілтеме түрінде баяндалады.



*«Алаштың бір азаматы ең...»: Естеліктер/
Құраст. А.С.Еспенбетов. - Семей, 2003. – 84 б.*




Бұл жинаққа елге танымал азамат **Қайырлы Жанбайұлы** туралы туыстары, жолдастары, әріптестері жазған естеліктер енді.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.




Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Т.3. – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – 408 с.



«Алаш қозғалысы» атты үш томдықтың үшінші томына тарихшы Х.М.Тұрсынның «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты Түркістан өлкесіндегі Алаш қозғалысының қалыптасуы мен қызметін айқындайтын зерттеу еңбегі және осы қозғалыстың тарихына қатысты тарихи деректер ұсынылып отыр. Сонымен қатар Б.Нәсенов жинақтаған мұрағат сөрелерінде елеусіз қалған осы кітаптағы басты тұлғалардың үстінен 1937 – 1938 жылдары жүргізілген тергеудегі сұрақ-жауаптар да енгізілді. Ондағы басты мақсат – кеңестік саяси жазалау жүйесінің тұлғаларды тұншықтырған сұрқия қылмыстарын салыстыра отырып әшкерелеуге мүмкіндік беру.



Алаш туы тігілген өңір (Алашорданың 100 жылдығына орай). / Құраст.: М.Қ.Каримов, М.Қ.Асылбеков, Н.С.Нанбекова. – Семей, 2015. – 311 б.




Аталған еңбекте 1917 жылғы Ақпан төңкеріміне дейін және одан кейінгі кезеңдегі Шығыс Қазақстандағы қалыптасқан жағдай, Семейдегі **Алашорда** үкіметінің және қайраткерлердің атқарған қоғамдық-саяси қызметтері сөз болады. Еңбекте өлкенің қоғамдық-саяси дамуы ұлт-азаттық қозғалысының тарихи негіздерімен бірізділікте қарастырылған.

Кітап студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға, зерттеушілерге, өлкетанушыларға және ұлт тарихын білгісі келетін жалпы оқырмандарға арналған.



Сұлтанов Ө.С.

Қазақтың экономика ғылымы және Алаш қайраткерлері: Монография. – Семей: «Интеллект» баспа үйі, 2013. – 257 б.



Монографияда Қазақстанның экономика ғылымына Алаш қайраткерлерінің қосқан үлесі, дамуына сіңірген еңбектері арқау болған.


Жан-жақты жүргізілген зерттеулер барысында автор Ө.Н.Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің статистика, ауыл шаруашылығы экономикасы, орман шаруашылығы, жер иелену және жер пайдалану және т.б. салалар бойынша жазған еңбектерін сыни тұрғыдан талдап, олардың саясатпен қатар шаруашылық мәселелеріне байланысты көзқарасы, ұстанымы, қызметі туралы баяндайды.

Кітап қазақтың экономика ғылымының қалыптасу және даму тарихы қызықтыратын ғылыми қызметкерлер мен оқытушыларға, студенттерге арналған.



Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1-кітап.: «Шолпан» журналы. – Алматы: «Өнер», 2010. – 352 б.


Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2-кітап.: «Шолпан» журналы. – Алматы: «Өнер», 2010. – 360 б.



«Алаш көсемсөзі» сериясымен жарық көретін 10 томдықтың 1-ші, 2-ші кітаптарында 1922 – 1923 жылдары Ташкентте жарық көрген «Шолпан» журналының №№ 1- 8 дейін сандары **Өзбекстанның** мемлекеттік мұрағаттарынан көшіріліп алынды. Онда араб қарпімен жарияланған материалдар сол қалпында кириллицаға аударылды. Өйткені, **алаш қайраткерлерінің** көсемсөз және әдеби мұралары барлық ғылым салалары үшін құнды дереккөз болып саналады. Олардың сол кезде айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өте маңызды.



Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 3-кітап.: «Жас Түркістан» журналы. – Алматы: «Өнер», 2010. – 344 б.




Алаш көсемсөзі сериясымен жарық көретін он томдықтың 3-ші кітабына Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың бас редакторлығымен 1929 – 1939 жылдары Францияда, Берлинде жарық көріп тұрған «Жас Түркістан» журналының № 1 – 13 сандары енгізіліп отыр. Басылым материалдары сол кездегі түркі халқына ортақ шағатай тілінен кириллицаға аударылды.

“Жас Түркістан” – біртұтас Түркістан тәуелсіздігі идеясын көтеріп, бүкіл түркі жұртының азаттығы үшін күрескен басылым. Елдің егемендігін көксеген журналда көтерілген мәселелер бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мұратымен өзектес.



Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937). Шығармаларының 7-томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах.- Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009-2010.



Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедияшыл ғалымы әрі көрнекті публицисі **Ә.Н.Бөкейханның** тұңғыш толық шығармалар жинағы оның 1866-1937 жылдар аралығында мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарық көрген ірі ғылыми монографияларын, ғылыми зерттеулерін, саяси публицистикасын, әдеби сын мақалалары мен аудармаларын және жеке хаттарын қамтиды.

Первое полное собрание трудов и сочинений выдающегося казахского общественного и государственного деятеля, ученого-энциклопедиста, одного из основоположников казахского краеведения и видного публициста **А.Н.Бухейхана** включает его научные монографии и статьи, политическую публицистику, исследования по казахской литературе и литературные переводы, опубликованные и изданные в период с 1866 по 1937 гг., а также письма.



Сұлтанов Ө.С.

Ә.Н.Бөкейханның өмірі мен шығармашылығы. - Оқу құралы. – Алматы: «Халықаралық жазылым агенттігі» ЖШС, 2014. – 133 б.




Ә.Н.Бөкейхан – қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясының көсемі, «Алашорда» үкіметінің премьер-министрі болған тұлға. Сонымен бірге ол артында көптеген мақалалар, құнды ғылыми еңбектер жазып қалдырған ғалым.

Авторлар ол жазған еңбектерді сыни тұрғыдан талдап, шаруашылық, яғни экономика мәселелеріне байланысты көзқарасы, ұстанымы, қызметі туралы баяндайды. Сонымен бірге оқу құралында басқадай Алаш қайраткерлерінің Қазақстанның экономика ғылымына қосқан үлесі, дамуына сіңірген еңбектері де сөз болады. Мұрағаттар қорынан табылған жаңа құжаттар, деректер де берілген.



Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т.

Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. – Алматы: «Өркениет», 2003. – 148 с.




В книге освещается жизнь и деятельность лидера национально-освободительного движения казахского народа, создателя партии «Алаш» и главы правительства Алашорда А.Н.Букейхана по следующей периодизации: годы становления (Каркаралы – Омск – Санкт-Петербург) – 1870-1894 гг.; Омский период – 1894-1908 гг.; Самарский период – 1908-1917 гг.; Жизнь и деятельность в условиях Советской власти – 1917-1937 гг.

Особое внимание уделяется и анализу научного наследия ученого-энциклопедиста, его трудов по истории, литературе, экономике, сельскому хозяйству, которые являются общечеловеческим достоянием и имеют большое научное и практическое значение и в современных условиях.



Букейхан А.

**Таңдамалы – Избранное. 1-книга.- Алматы:
«Өлке» баспасы, 2002 ж. – 248 б.**




Қазақтың ұлы қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалымы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның есімі кеңес дәуірінде бір жақты қаралып, соның салдарынан оның өмірі мен ғылыми шығармашылығы мүлдем зерттелінбей қалды. «Алаш мұрасы» сериясы бойынша ұсынылып отырған «Ә.Н.Бөкейхан. Таңдамалы-Избранное» атты бұл жинаққа оның монографиялары енгізілді.

Имя великого казахского общественного и политического деятеля начала XX века, выдающегося ученого Алихана Нурмухамедулы Букейхана мало знакомо широкому кругу читателей. Данная книга содержит его монографии. Переиздается в серии “Алаш мұрасы”.



*О чем не говорили: Докум. рассказы и очерки /
Сост.: Л.П.Лукина, Е.А.Сатыбалдиев.
– Алма-Ата: Жалын. – 1990. – 304 с.*




Время гласности позволило подготовить этот сборник, в котором известные казахстанские писатели и журналисты выступают на темы, еще до недавних пор находившиеся под запретом.



Аяган Б.Г.

Красные и черные (материалы Гуверовского архива).

– Алматы, 2005. – 240 с.




В книге казахстанского историка, политолога Б.Аягана раскрываются неизвестные ранее исторической науке данные, взятые в фондах всемирного известного Гуверовского института (архива) США. В рассмотрении вопросов прихода осенью 1917 года большевиков к власти, трагических страниц гражданской войны, коллективизации и Великой Отечественной войны ученый предлагает ряд новых концепций.

Книга содержит в себе богатейший исторический материал, в частности дневники, письма, заметки офицеров Белой гвардии, военнопленных, политических эмигрантов. Даны фотографии 30-ых годов, сделанные в тот период зарубежными специалистами, работавшими в Ташкенте.



Дулатбеков Н.

*Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. - Алматы:
«Таймас» баспа үйі, 2013. – 240 б.*



Кітапқа заң ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент-мүшесі Н.Дулатбековтың XIX – XX ғасырлар тоғысында Санкт-Петербург университетінде білім алған бір топ **Алаш ардақтыларының** өмірі мен қайраткерлігіне қатысты біраз жылдардан бері тұрақты зерттеп, жазып, жариялап келе жатқан мақалалары топтастырылған. Нақтылы мұрағат материалдарына негізделген жазбалар сонау ел басына күн туған алмағайып кезеңде қазақ халқын ұлт қылып ұйыстырып, ел қылып қалыптастыру мақсатында еселеп еңбек сіңірген, сол жолда бастарын бәйгеге тіккен текті тұлғалардың талайлы тағдырлары жайында баян етеді.

Кітап көпшілік қауымға арналған.



Тынышпаев М.
**Политические выступления, научные труды,
документы. – Алматы: «Қазақстан», 2009. – 312 с.**




В настоящем сборнике представлены политические выступления **Мухамеджана Тынышпаева**, его научные труды, архивные документы разных лет, прижизненные фотографии.

Сборник посвящается 130-летию со дня рождения Мухамеджана Тынышпаева – великого Гражданина Казахстана.

Книга предназначена для ученых, политологов, студентов, для всех, кто интересуется историей Казахстана.



Ұлт рухы: қанатты сөздер / Е.Зәңгіров.
– Алматы: «Арна-б», 2015 .– 160 б.



Бұл кітапқа **Алаш қайраткерлерінің** Отан, Ел, Тіл, Діл, Жер, Шекара, Білім, Патриотизм туралы айтқан қанатты сөздер топтастырылған.

Алаш қайраткерлерін ұлықтау, ол – Тәуелсіздігімізді асқақтатумен бірдей. Ұлы мұрат жолында ұланғайыр ерлік көрсеткен оларды қалай құрметтесек те жарасымды.

Кітап көпшілік қауымға арналған.



Озғанбай Ө.

***Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан
(1905 – 1917 жж.) – Алматы, 2006. – 360 б.***




Тарих ғылымының және философия докторы **Өмірзақ Озғанбайұлының** бұл еңбегінде архивтік түп деректер мен жарық көрген еңбектер, әр түрлі жарияланымдар негізінде 1905 – 1917 жылдар аралағындағы Ресейде жүзеге асқан демократиялық өзгерістерге жасалған бетбұрыс және осы тұстағы қазақ зиялыларының туған елін бодандықтан құтқарып, Отанының тәуелсіздігі жолындағы тарихи күресі жан-жақты баяндалған.

Кітап ғалымдар мен жоғары, орта оқу орындарының ұстаздарына, студенттер мен оқушыларына, саясаттану және Қазақстан тарихын оқып үйренем деушілерге арналып отыр.



Озганбай О.
Государственная Дума России и Казахстан
(1905 – 1917 гг.): учебное пособие. – Алматы,
2006. – 320 с.




В настоящем труде доктора исторических наук **Омирзака Озганбая** на основе документальных архивных сведений, научных публикаций, периодики всесторонне анализируются происходившие в России, в период 1905 – 1917 годов, демократические преобразования и историческая борьба казахских деятелей за освобождение от колониального гнета и независимость своей Родины.

Книга предназначена для ученых, политологов, студентов и учащихся высших и средних учебных заведений, для всех, кто интересуется историей Казахстана.



Алаштың Ақселеуі. (Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен шығармашылығы) / Құраст. П.Өтепова. - Астана: Фолиант, 2012. – 440 б.




Бұл жинаққа қазақ руханиятының көрнекті тұлғасы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің** тағылымға толы өмірі мен шығармашылығы туралы қалам тартқан замандастарының лебіз – пікірлері топтастырылған.

Кітап қазақ тарихы мен мәдениетіне ден қойып жүретін оқырман қауымға арналған.



Машираб Ж.

Халық ұланы Маширап. – Семей, 2012. – 156 б.




Бұл кітап халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, еңбек жолын **Алаш арыстарының** ізі қалған Семейде бастаған, 19–20 ғасырлардағы қазақ халқы бастан өткізген барлық қиыншылықтарды өз көзімен көріп оны жоюға өзіндік үлесін қосқан **Маширап Баяділұлының** өмір жолына арналған.

1912 – 1914 жылдары Қиыр Шығыс темір жолын салуға қатысушы, **Алаш партиясының** белсенді мүшесі, елімізде милиция органының құрылып қалыптасуына үлес қосушы **Маширап Баяділұлының** еңбек жолы қазіргі ұрпаққа үлгі – өнеге болуға әбден лайық.

Жалпы алғанда кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.



«Гражданская война в Восточном Казахстане, 1917 – 1922 гг.»: Сбор. докум. – КГУ «Центр документации новейшей истории» Управления архивов и документации ВКО, Науч. центр ист. исслед. им. ак. М.Козыбаева Семипалат. гос. пед. инст. / Сост.: Г.Т.Касимова, М.К.Каримов, А.М.Мамырбеков, М.И.Перебеева, Н.А.Полякова, Е.Е.Саулаубай, Т.У.Тусунбаева. – Семей, 2013. – 519 с.



В сборнике представлены архивные документы, отражающие борьбу за установление Советской власти и гражданское противостояние на обширной территории Восточного Казахстана в период с 1917 по 1922 год.

Құрметті оқырмандар!

Осы және басқа да кітаптармен
университеттің ғылыми кітапханасында
таныса аласыздар.

Уважаемые читатели!

С этими и другими книгами можете
ознакомиться
в научной библиотеке университета.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

СПАСИБО ЗА ВНИМАНИЕ!

Құрастырушы: С.С.Мухамадиева